

БҰЙРЫҚ

№ 06 2025

ПРИКАЗ

№ 950

**8D10141 – «Медицина» мамандығы
бойынша диссертациялық кеңестің
уақытша мүшелерін және ресми рецензенттерін бекіту туралы**

«Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №126 бұйрығының 5, 9-тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 8D10141 – «Медицина» мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері ретінде PhD диссертанты **Тугелбаева Айгуль Маулетбаевнаның** «Дәнекер тінінің дисплазиясы бар балалардағы реактивті артриттің клиникалық-патогенетикалық ерекшеліктері және емі» тақырыбындағы диссертациясын қорғау бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін келесі ғалымдар бекітілсін:

1) Файзуллина Резеда Абдулахатовна- медицина ғылымдарының докторы, профессор, балалар аурулары пропедевтикасы және факультеттік педиатрия кафедрасының меңгерушісі, Ресей Федерациясы Денсаулық сақтау министрлігінің «Қазан мемлекеттік медицина университеті» федералды мемлекеттік бюджеттік жоғары білім беру мекемесі, Қазан қаласы, Ресей Федерациясы.

2) Ахенбекова Аида Жаксыбаевна-медицина ғылымдарының кандидаты, профессор Н.А. Барлыбаева атындағы балалар аурулары кафедрасының доценті, С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті, Алматы қаласы, Қазақстан.

3) Тулеутаев Ернас Тлеутаевич-медицина ғылымдарының докторы, профессор, University Medical Center корпоративтік қорының орфандық ауруларды үйлестіру республикалық орталығының басшысы, Астана қаласы, Қазақстан.

2. 8D10141 – «Медицина» мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің ресми рецензенттері ретінде PhD диссертанты **Тугелбаева Айгуль Маулетбаевнаның** «Дәнекер тінінің дисплазиясы бар балалардағы реактивті артриттің клиникалық-патогенетикалық ерекшеліктері және емі» тақырыбындағы диссертациясын қорғау бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін келесі ғалымдар бекітілсін:

1) Мамасаидов Абдумиталиб Ташалиевич-медицина ғылымдарының докторы, Ош мемлекеттік университетінің медицина факультетінің №1 ішкі аурулар кафедрасының ішкі аурулар кафедрасының профессоры, Ош мемлекеттік университетінің Халықаралық медицина факультетінің

клиникалық пәндер кафедрасының профессоры, Қырғыз Республикасы ревматологтар Қауымдастығының Президенті, Ош қаласы, Қырғызстан.

2) Абишева Сауле Тлеубайевна-медицина ғылымдарының докторы, «№1 отбасылық медицина» кафедрасының меңгерушісі, «Астана Медицина Университет» КеАҚ, Астана қаласы, Қазақстан.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ ғылыми және стратегиялық даму жөніндегі проректоры Н.Е. Аукеновке жүктелсін.

Негіздеме: 8D10141 «Медицина» мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің 29.05.2025 жылғы №4 хаттамасынан үзінді.

Ректор



Сейтжанова Ж.С.

Бұйрықпен танысты:

Аукенов Н.Е.

Абуова Г.Н.

